

ТҮБІ

ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ АЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТИ

январь

Сенбі

Шығуына 33 жыл
жеке саны 20 тыйын

Мал қыстатуды ойдағыдай өткізу мал шаруашылығын өркендетудің мемлекеттік жоспарын сөзсіз орындаудың шешуші шарттарының бірі болып табылады. Сондықтан мал қыстатуды барлық жағынан тыңғылықты ұйымдастырып, мал шаруашылығын өркендетуде жаңа табыстарға жете берейік!

Ұйымдас- тысын

етінің бюро мәж-
ал шаруашылығы
қаралды. Сөйтіп,
сендетуге байла-
рнеше қаулылар
андық партия-ко-
ылардың орында-
ды.
уашылығына бұл
алда тұрған мін-
ай әсер етпейді.
здесін отырған
тұнан әрі мүлдем
мал қыстатудың
ыстың суық күн-
ия ұйымдарынан
үгіт -бұқаралық
ырыш, мал қыс-
руды керек қы-

совет үкметі жа-
й Қазақстанда ма-
йын өркендет-
еледі. Сонымен
шаруашылығын
ықаның партия

Жаңа жылда жаңа табыстарға жете берейік

Көпшілік тұтынатын товарларды көп өндіреміз

Совет Одағы Коммунистік партиясының XIX съезінің тарихи қарарларымен жеті көсеміміз Сталин жолдастың данышпандық еңбегімен жігерленген Бірінші Май атындағы көпшілік артелінің мүшелері 1952 жылдың өндірістік жоспарын 1 декабрьде орындап, жоспардан тыс 740 мың сомның көпшілік қолданатын товарларын өндірді.

8 цехтың ішінен 5 цех өткен жылдың өзінде 1953 жылдың есебіне жұмыс істеп, еңбек қарқынын еселеп арттырды. Савельева, Вострикова және Нищенко жолдастар басқарған цехтар өндіріс программасын ай сайын артығымен орындап, еңбек өнімділігін арттыру, өнім сапасын жақсарту жөнінде көрнекті табыстарға ие болуда.

Артель коллективінің жылдық жоспары мерзімінен бұрын орындап шыққан себебі — олардың арасында социалистік

қолданбастан бұрын пайдалы жұмыс істеудің мүмкіншіліктерін және өнім сапасын арттырудың жолдарын тексерді.

Көпшілік пехы жыл басынан бастап, үздіксіз жұмыс істеу әдісіне көшкен болатын. Бұл жағдай еңбек өнімділігін 10—15 процент арттырып, нормасын орындамайтын адамдардың санын жедел қысқартты.

Филиппова жолдастың басқаруындағы бригада 7 адамнан құралған. Бұл бригаданың әрбір мүшесі өнім шығарудың нормасын орындауды 130—140 процентке жеткізді. Мұнан бұрын әрбір шебер өз тігетін киімді жеке өзі даярлап, көп уақытың босқа пайдаланатын және өнімнің сапасы төмен болатын. Кәзір бригадалық жұмыс әдісіне көшкеннен кейін киімдері тігуге байланысты жұмыстарды бөлгенде әрбір шебердің жұмыс тәжірибесі есепке алынады.

1952 жылғы біздің артельдің өндірісінің

Мал қамын ойламаған жерде

Партияның XIX съезі бесінші бесжылдық жоспар жөніндегі директиваларында қоғамдық мал басын өсіріп, оның өнімділігін арттыруды басты міндеттің бірі етіп қойды. Мұндай аса маңызды міндетті ойдағыдай орындау үшін малды бағып күтуді негізінен жақсартып, оны шығынсыз және күйлі өсіру қажет.

Мал шаруашылығын жедел өркендету үшін, еңалдымен, мал қыстатуды үлгілі ұйымдастыру керек. Малдың қысқы күтімін тыңғылықты ұйымдастырған күште ғана мал шаруашылығын ойдағыдай өркендетуге болатындығын тәжірибе айқын көрсетті.

Бірақ, Ленин ауданындағы Аманкелді атындағы колхозда малдың қысқы күтімін нашар ұйымдастырылған. Малды қыстан аман алып шығудың басты шарты жеміш қорын тиімді пайдалану болса, бұл жұмыс мүлдем бетімен жіберілген. Фермаларда мал азығы қалай болса солай жұмсалуда. Колхоз председатели Қуандықов жолдас фермалардағы істің жайын жете білмейді. Өйткені, ол фермаларда оқтөкте ғана болады. Малшыларға жемішөпті жұмсау жөнінде тәртіп сағайтындық

лар шөпті керегінен көп алып, өз малдарын колхоз шөбімен азықтандырады. Сол сияқты, колхоз активтерінің үйді-үйіне де қоғамдық малға арналған жемішөп орынсыз тасылып жұмсалады. Мұның барлығы қоғамдық малдың қысқы азығының бетімен жұмсауына, оның талан-тарағға түсуіне себепші болып келеді.

Мал қоралары жанына шөп тасуға бөлінген трактор екі ай ішінде бар болғаны он-ақ күн жұмысқа қосылды. Колхоз председатели Қуандықов, Ильич атындағы МТС директоры Букаткин жолдастар тракторды жұмысқа толық қуатымен қосып, жемішөпті қоралар жанына толық тасып алуды қамтамасыз етпейді. Олар мұндай маңызды жұмысқа жеңіл-желпі қарап, жайбарақаттыққа салынды.

Колхозда мал азығын тасу жұмысы кейінгі кезде ғана қолға алынды. Колхозшылар мал азығын тез араңыз ішінде қоралар жанына түгел тасып алуға ұйғаруда. Кәзір трактормен олар күн сайын 300—350 центнер жемішөп тасып үйеді. Сонда да фермалар жанында 20 күнге ғана жететін жемішөп бар.

«мал азығы болса, тасын алу қышын болмас» деп өздерін өзі жайбарақаттандырумен жүр.

Істің жайы Булаев ауданының көп колхоздарында да осы сыяқты. Рас, Булаев

Мал қыстатуды үлгілі өткізіп, мал шаруашылығын жедел өркендету жөнінде сталиндік жаңа бесінші бесжылдықта алға қойылған міндеттерді аброймен орындап шығайық!

Қазақ ССР еңбекшілер депутаттарының Солтүстік Қазақстан облыстық Советінің сайлауын өткізетін облыстық сайлау комиссиясының құрамын бекіту туралы Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының У К А З Ы

Қазақ ССР еңбекшілер депутаттарының облыстық, аудандық, қалалық поселкелік, селолық және ауылдық Советтерінің сайлауы туралы Ереженің» 27-статьясы негізінде Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы қаулы етеді:

Қазақ ССР еңбекшілер депутаттарының Солтүстік Қазақстан облыстық Советінің сайлауын өткізетін облыстық сайлау комиссиясы қоғамдық ұйымдардың және еңбекшілер қоғамдарының мына өкілдері құрамында бекітілсін:

Облыстық сайлау комиссиясының председателі — **Лосев Григорий Васильевич** — облыстық коммунистік партия ұйымынан.

Облыстық сайлау комиссиясы председателінің орынбасары — **Соколова Галина Николаевна** — медицина-тазалық сақтау қызметкерлерінің облыстық кәсіподақ ұйымынан.

Облыстық сайлау комиссиясының секретары — **Синчило Пантелей Венедиктович** — саяси-ағарту мекемелері қызметкерлерінің облыстық кәсіподақ ұйымынан.

Облыстық сайлау комиссиясының мүшелері:

Нурмухамедов Әмірғали — саяси және ғылыми білімдер тарату қоғамынан.

Маралбаева Рахима Өмірбекқызы — Қазақстан ЛКЖО облыстық ұйымынан.

Бауенов Есләм Бауенұлы — Петропавл ауданындағы «Луч Ленина» колхозының колхозшылары мен колхозшы әйелдерінің жыйналысынан.

Ярославцева Лидия Петровна — Петропавл ет комбинатының жұмысшыларының, инженер-техник қызметкерлері мен қызметшілерінің жыйналысынан.

Камалетдинов Мәсғұт Уәлиұлы — Пслудень аудандық коммунистік партия ұйымынан.

Пономарев Петр Васильевич — Мамлют ауданы, Интернационал МТС-і жұмысшыларының, мамандары мен қызметшілерінің жыйналысынан.

Дорошенко Анна Михайловна — МТС және жер органдары қызметкерлерінің облыстық кәсіподақ ұйымынан.

Әлтаева Жұмажар — Бастауыш және орта мектептер қызметкерлерінің облыстық кәсіподақ ұйымынан.

Островной Василий Евдокимович — облыстық кәсіподақ ұйымынан.

Жанпейісов Теңізбай — Булаев ауданы, Совет астық совхозы жұмысшыларының, мамандары мен қызметшілерінің жыйналысынан.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі
Д. КЕРІМБАЕВ.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Секретары
Ә. ӘМРИЕВ.

Алматы қаласы.

1952 жыл 31 декабрь.



Ленинград. Куйбышев атындағы карбюратор зауыдының коллективі екі жылдан бері коллективтік стахановтық еңбектің кәсіпорны деген атаққа ие болып келеді.

СУРЕТТЕ: карбюраторларды құрастырудың конвейері.

(СОТА-ның фотохроникасы).

ЖАНА КАХОВКАНЫҢ ЖОБАСЫ

КИЕВ, 29 декабрь. (СОТА). Украин ССР-нің архитектура академиясының коллективі Харьков «Горстройпроекти» мен бірлесе отырып, Жана Каховка қаласының орталық бөлегінің жобасын жасап бітірді. Қазір жас қаланың орталығында монументалдық үй — мәдениет сарайының өңдеу жұмыстары жүргізілуде. Сарайдың кіреберіс беті болашақ негізгі алаң жаққа шығарылған.

Алаңда құрылыс басқармасының үйін салу жұмысы басталды.

Совет Одағының құрылуының бүкіл еліміз мерек

Советтік Социалистік Республикалар Одағының құрылуының 30 жылдығына бүкіл еліміз кеңінен мерекелеп өткізді.

Москваның кәсіпорындарында, мекемелерінде, үгіт пункттерінде бұл тарихи күнге арналған әңгімелер өткізілді. Саяси және ғылыми білімдер таратушы Бүкіл-одақтық қоғамның орталық лекторийінде, Сталин атындағы автомобиль зауыдының цехтарында, Сокольниқидегі вагон жөндеу зауыдының клубында бұл күндерде «Совет Одағының 30 жылдығы» деген тақырыпта лекциялар оқылды.

ССРО-ның В. И. Ленин атындағы мемлекеттік кітапханасында, мемлекеттік тарих кітапханасында кітап көрмелері ашылды.

В. И. Лениннің орталық музейі залдарының бірінде «Советтік Социалистік Республикалар Одағы, оның құрылуы және өркендеу кезеңдері» деген үлкен карта қойылды. Бұл картаның алдында — дөңгелек рамкаларда — барлық 16 Одақтас республиканың гербтері мен астаналарының көріністері.

Ауданның барлық колхозы

ДУРЛЕШТЫ. (Молдаван ССР) (СОТА). Ауданның ауылшаруашылық артельдері жылдың алғашқы қорытындысын шығаруда. Аудандағы 13 колхоздың бәрі миллионер колхоз болды. Бөлінбейтін қорлар өткен жылғымен салыстырғанда төрт есе артты.

Қишинев ауданы — жүзімдік пен бау шаруашылығы мейлінше өркендеген аудан. Жаңа бесжылдықтың екі жылы ішінде жүзімдіктің шығымдылығы жаңа агротехниканы қолдану нәтижесінде 66 процент артты. Бйылғы күзде алма, алмұрт және

Өзбекстан лекеттік көп ның құрылуы қырыпқа көр Ташкенттің жұмысшылар орындары күнге арнал да туысқан рын көрсетет

Тбилисиде не Сталин а зауыдының ұ халқының Л ғымен кол х лы халықтар туралы әңгім

Якутияның насында, сол тапханалары дың көркеюін ды.

өрік бұдан е артық жыйна Ленин аты лотов атында колхоздардың жетті. Олар бесжылдық кішінен асып

Қоғамдық ауылшаруашы дылығы арт едәуір молайт аудан колхоз миллион сом

Дене еңбегі арасындағы қарама-қарсылықты елеулі айырмашылықты жою

★
А. ФЕДОРОВА

★

анизмдік
пропе-
ді ұшта-
Е. Маркс
XVII том,
тантық
да ең-
ді өндіру-
не еңбе-
ың жеке
на, мо-
еңбегінің
анаудағы
лар бұл
ылыспен
дан бл-
еп жазды
ғылуға...
жйылу-
т, 1950

асындағы
рсылықты
етінің алы-
волюциясы
алы саяси
ең өріс
ған адам-
ғып, жаңа
ествосына
ару, про-
күресінің
стың ба-
мемлекеті
руалардың
жүшейтін

генция, өзінің құрамы, сол сыяқты елеу-
меттік- саяси бейнесі жағынан, ескі ин-
теллигенциядан мүлде өзгеше интелли-
генция құрылып, қалыптасты. Совет ин-
теллигенциясы жұмысшылар мен шару-
алар арасынан өсіп жетілді, ол ой еңбе-
гінің адамдары ретінде өздерін дене еңбе-
гінің адамдарына — жұмысшылар мен
шаруаларға қарсы қоймайды. Ол — жұ-
мысшы табы мен шаруалардың бел бала-
сы, халықтық интеллигенция, халыққа
дұшпан емес, қайта өз халқына қызмет
ететін интеллигенция. Ол тарихи міндегі
срындау — барлық жұмысшылар мен
шаруаларды мәдениетті және білімді ету
ісінде партия мен совет үкіметіне көмек-
теседі.

Социализм жағдайында дене еңбегінің,
сол сыяқты ой еңбегінің сыйнаты негізі-
нен өзгерді. Қанаушылықтан азат етілген
еңбек барған сайын саналы, творчество-
лық еңбекке айналуда. Еңбекті жеңілдететін
жоғары техника, еңбекшілер бұқара-
сының материалдық және мәдени дәреже-
сінің үздіксіз өсуі, социалистік жарыстың
өзін өрістетілуі, — мұның бәрі дене еңбе-
гінде адамдарының қызметінің ақыл-ой-
ның жағының үздіксіз өсуіне өкөп соға-
ды. «Капитализм мен қанау системасы-
ның жойылуымен бірге, — деп көрсетеді
Сталин жолдас, — дене еңбегі мен ой ең-
бегінің арасындағы мүдделердің қарама-
қарсылығы да жоғалуға тиісті болғаны
түсінікті. Ал, мұның өзі біздің қазіргі со-
циалистік құрылыс тұсында шынында да

еңбекке айналдыруға тиіс. Бұл міндегі
ойдағыдай орындалуда. Соңғы жылдарда
көмір, металлургия, ағаш өнеркәсібінде
және өнеркәсіптің басқа салаларында қол
еңбегін едәуір дәрежеде машиналар атқа-
ратын болды.

Қоғамымыздың материалдық- техника-
лық негізін онан әрі жетілдіріп, халық
шаруашылығының барлық салаларын
электрлендіру, өндіріс процестерін неғұр-
лым механикаландыру дене еңбегі мен
ой еңбегі арасындағы елеулі айырмашы-
лықты жоюға мұнан да қолайлы жағдай
туғызылады.

Фабрикаларымыз бен заводтарымызда,
совхоздарымыз бен колхоздарымызда со-
циалистік еңбекті ұйымдастырудың бар-
ған сайын жақсарып отырған системасы
еңбекшілердің мәдени- техникалық дәре-
жесін арттыруға, демек дене еңбегі мен
ой еңбегі адамдары арасындағы елеулі
айырмашылықты жоюға көмектеседі. Біз-
дің елімізде жұмысшылардың, шаруалар-
дың және интеллигенцияның бейнесі не-
гізінен өзгерді. Бізде жұмысшының неме-
се шаруаның еңбегінің белгілі бір түрін
қандай категорияға — дене еңбегіне неме-
се ой еңбегіне қосуға болатынын айыру
көп уақытта қиыныға соғады.

Совет кәсіпорындарында өндірістің өсуі
кадрлардың мәдени- техникалық жағынан
өсуіне қамқорлықпен ұнтасып отырады,
Бізде «...үйреніп жетілмеген жұмысшыла-
рдың алға басуына, жоғарылауына дем бер-
ген» деп айтқан (И. В. Сталин. Шығар-

бегі мен дене еңбегі арасындағы елеулі
айырмашылықты жоюға бастайды. Стаха-
новшылардың жұмысында дене еңбегі ой
еңбегімен барған сайын айқын ұштасып
отырады.

Буржуазиялық ғалымдар үнемі: твор-
чество — тек ой еңбегі адамдарының ғана
сыбағасы деумен келеді. Олар творчество-
ны — тек қалаулы, «ақсүйек» адамдарға
ғана тән, қайдағы бір «төңірі» берген-
сый деп көрсетеді. Социализмнің практи-
касы бұл «теорияларды» күйретті. Ол
коммунизм орнату идеясымен рухтанған
қатардағы жұмысшылар мен шаруалардың
еңбегінің нақ өзі халық пен мемлекеттің
тағдырын шешетін шын мәнісіндегі ұлы
творчестволық еңбек болып табылатынын
дәлелден көрсетті.

Творчестволық стахановтық ойдың жә-
не инициативаның ғылыми- техникалық
оймен ұнтасып келуі біздің заманымыз-
дағы жарыстың ерекшелігі болып табы-
лады. Адамның адамды қанауы жойыл-
ған, ой еңбегі мен дене еңбегінің адамда-
ры арасындағы таптық антагонизм жо-
йылған қоғамда жұмысшылар мен ғалым-
дар арасындағы, колхозшылар мен ға-
лымдар арасындағы қатынас мүлде бас-
қаша қалыптасты. Совет ғалымдары жұ-
мысшылармен, колхозшылармен күш бі-
ріктіріп, тығыз ынтымақ жасай отырып,
коммунизмнің материалдық- техникалық
базасын жасаудың күрделі міндеттерін
нақтылы орындауда. Ғылымның комму-
нистік құрылыс практикасымен байла-
нысы — оның өркендеуінің жол көрсете-
тін жарық жұлдызы. Коммунизмге қарай
алға басу техниканың онан сайын өркен-

Ф. Энгельстің өздері көрсеткен болатын.
В. И. Ленин политехникалық оқудың кө-
ректігін — Коммунистік партияның про-
граммалық талабы деп атағаны мәлім. Тек
социализмнен коммунизмге бірте-бірте өту
дәуірінде ғана политехникалық білім алу-
ды енгізуге нақтылы мүмкіншіліктер ту-
ғызылды.

Партияның XIX съезі бесжылдықтың
аяғында республикалардың астаналары-
да, республикалық қалаларда, облыс-
тық өлкелік және ірі өнеркәсіптік орта-
лықтарда жетіжылдық білім алудан орта
дәрежелі (онжылдық) білім алуға көшуді
аяқтау және басқа қалалар мен селолық
жерлерде жалпыға бірдей орта дәрежелі
білім алуды жүзеге асыруға жағдай
даярлау міндетін алға қойды. Съездің
қарарлары бесінші бесжылдықта орта
мектепте политехникалық оқуды жүзеге
асыруға кірісуді және жалпыға бірдей
политехникалық оқуға көшу шараларын
жүргізуді көздейді. Политехникалық білім
алуды енгізу, дене еңбегі мен ой еңбегі
арасындағы елеулі айырмашылықты жою
жолында тағы бір ірі аттап алға басқан-
дық болады.

Мәдени- техникалық дәрежені артты-
рудың үшінші аса маңызды шарты, де-
мек, дене еңбегі мен ой еңбегі арасында-
ғы елеулі айырмашылықты жою шарты —
еңбекшілердің материалдық дәрежесін
үнемі арттыра беру. Сталин жолдасын
көрсеткеніндей, «... тұрғын үй жағдайла-
рын түбірінен жақсарту керек және
жұмысшылар мен қызметшілердің нақты-
лы жалақысын көмінде өкі есе, тіпті
онан да гөрі көбірек, арттыру керек»

алмады. Ол қоғамдық мәдени істерге қатысудан шеттетілген. Ондаған миллион адамдар тегі қандай да болса жұмыс ала алмай, аштықта және жартылай аштықта өлмешінің күнін көретін халге ұшыратылады.

Капитализм жағдайында адамның жұмыс күші дегеніміз —товар: капиталист бұл товарды неғұрлым арзанға сатып алып, оны өзіне неғұрлым пайдалы түрде қанауға тырысады. Өндіріс техникасын жетілдіре отырып, капитализм мұнымен бірге жұмысшыны өзінің тілегенінше дене қызметін және рухани қызмет істеу мүмкіншілігінен айырады. Дене еңбегі мен ой еңбегі адамдары мүдделерінің қарама-қарсылығы осындай негізде орнығып нығайды. Сондықтан, капиталисттерді жексұрын көрген жұмысшылар, помещиктерді жексұрын көрген шаруалар олардың интеллигенциясын да сондай жексұрын көріп, оған сенбеушілікпен қарағандығына таңдануға болмайды.

Капитализм, әсіресе империализм дәуірінде, Ленинің көрсеткеніндей, еңбекшілер бұқарасының инициативасын, творчестволық қызметін, талабын, болып көрмеген айуандықпен жаныштап отырады. Дене еңбегімен шұғылданушы еңбекшілерді езіп жаныштай отырып, капиталистік құрылысшы мәнісінде білім алушы олар үшін қол жетістік іске айналдырады.

Буржуазиялық құрылыстың қорғаушылары, оның идеологтары ой еңбегі мен дене еңбегі арасындағы қарама-қарсылықты —«мәңгілік заң» деп көрсетіп, оны барлық күшімен теория жағынан дәлелден актауға тырысады. Шынында ой еңбегі мен дене еңбегі арасындағы қарама-қарсылық — тарихи өткініші құбылыс, адамның өзіне тән қызметі ретіндегі еңбек—саналы, мақсатқа лайықты, жоспарлы процесс; бұл процеске адамның тезділік қабілеттері ғана емес, оның ой қабілеттері де қатысады. «Жаратылысының

Біздің елімізде социализмнің жеңуі жұмысшылар мен шаруалар таптары арасындағы қатынасты жаңаша белгілеп, олардың одағын достыққа айналдырды. Совет Одағының халықтары арасында достық нығайды. Советтік қоғамның моральдық-саяси бірлігі, рух беруші советтік патриотизм өркендеп нығайды. Дене еңбегі мен ой еңбегі адамдарының мүдделері арасындағы қарама-қарсылықты жойылуы мұның бәрінен мейлінше айқын көрінді.

Мәдени революцияның жасалуы ой еңбегі мен дене еңбегі арасындағы қарама-қарсылықты жоюда зор роль атқарды. Совет өкметі қанаушы таптардың бітім алу, мәдениеттің барлық табыстарынан пайдалану монополиясын жойып, барлық еңбекшілерге мәдениеттің барлық игіліктерінен пайдалануға, өздерінің мәдени дәрежесін арттыра беруге толық мүмкіншілік берді. ССРО-да білім алу правосы тек міндетті оқу арқылы қамтамасыз етіліп қана қоймай, жетімдік құрудың тегін болуы, студенттерге стипендиялар берілуі, сол сыяқты орасан көп ешкі орта мектептер мен жоғары оқу орындарының болуы және сырттан оқыту да бұл правосың жүзеге асырылуына кепілдік жасайды. Оның үстіне бізде фабрикаларда, заводтарда, совхоздар мен колхоздарда тегін өндірістік-техникалық және агрономиялық оқу кең өрістетілген.

Кәзір Совет Одағы —сзат социалистік мәдениеттің елі. Онда халық ағарту ісі бұған дейін болып көрмеген дәрежеде өртендігілен. Кәзіргі уақытта ССРО-да 57 миллион адам оқыйды. Біздің елімізде жоғары және орта дәрежелі арнаулы білімі бар мамандардың саны 5,5 миллионға жуықтайды. Совет өкметі тұсында жоғары оқу орындарының саны 9 еседен аса көбейді, ал бұлардағы оқушылардың саны 12 есе дерлік көбейді.

Совет Одағында мүлде жаңа интелли-

ның мәдениет-техника дәрежесін мұндай дәрежеге жеткізе көтеру өбден жүзеге аса алады». (Ленинизм мәселелері, қазақша-сы, 468-бет).

Дене еңбегі қызметкерлерінің мәдени техникалық дәрежесін ой еңбегі адамдарының дәрежесіне жеткізе көтеру міндеті біздің қоғамымыздың коммунизмге қарай алға басып өркендеуінің барысында жүзеге асырылады. Совет мемлекеті бүкіл халық шаруашылығын жаңа техника негізінде қайта құруды жүзеге асырды, мұның нәтижесінде еліміздің бейнесі ғана емес, адамдардың өздері де өзгерді.

Капитализм техниканы дамыта отырып, жұмысшыларды қанаушы күшейте береді, оларды көпшеге шығарып тастап, жұмыссыздар армиясын толықтыра береді. Ал социализм жағдайында техника еңбекті мейлінше жеңілдетіп, ауыр дене еңбегі орнына, көп білімді керек қылатын мамандық еңбекті қолдануға бастайды. Біздің елімізде еңбекші адам машинаның қосымша тегігі емес, ол — машинаның өңесі. Сондықтан жұмысшылар машиналарды зор ынтамен пайдаланады, техниканы меңгереді және техника не бере алатын болса, оған соның бәрін алады. Осы күнгі техниканы пайдалану еңбекті жеңілдетіп қана қоймай, өндірістің өркендеу қарқынын үнемі тездетеді, өнімнің өзіндік құнын кемітеді, оның сапасын жақсартады.

Капитализм тұсында техниканың дамуында оқтын-оқтын кідіріс болып, снымен бірге қоғамның өндіргіш күштері қыйратылып отыратын болса, социализм тұсында жоғары техника негізіндегі өндіріс үздіксіз өсіп, жетіле береді.

Біздің елімізде механикаландыру және автоматтандыру ісі барлық ауыр және денсаулыққа зиянды мамандықтарды жойып, еңбектің қандайын болса да адамды өсіре беретін қуанышты және қызықты

жоқ және болуы мүмкін емес.

Социализм жағдайында еңбекші адам тек өз мамандығының шеңберінде қалып қоймайды, оның әралуан түрлі өндірістік, қоғамдық-саяси және мәдени қызметпен шұғылдануына зор мүмкіншілік туғызады. Біздің елімізде дене еңбегімен шұғылданушы миллиондаған адамдар мұнымен бірге қоғамдық-саяси жұмысты да жүргізеді. Мұндай қызмет еңбекшілердің идеялық-саяси өсуінің қуатты құралы болып табылады.

Совет адамдарының тұрмыс жағдайында социалистік өзгерістер жасау, партияның тәрбие жұмысы, дене еңбегімен, сол сыяқты ой еңбегімен шұғылданушы совет адамдарының бүкіл рухани бейнесін өзгертті. Социалистік еңбек бұқараға коммунистік тәрбие берудің қуатты құралына айналды. Коммунистік қоғам мұнша бұрын социализм орнатқан өндіріс әдісі негізінде өсіп жетіледі, ол—большевикте; партиясы басшылық етіп отырған бұқараның саналы творчествосының жемісі. Сондықтан, қоғамымыздың қорғаушы күші, құрылыстың коммунистік әдісі болып отырған социалистік жарыс орасан зор роль атқарады. Жарыс миллиондаған адамдардың санасында, тұрмысқа және еңбекке көзқарасында ерекше зор өзгеріс туғызады, олардың жігерін және инициативасын күшейтуге, таланттарының өсуіне мейлінше кең өріс ашады, ондаған миллион еңбекшілерді мемлекеттік және қоғамдық қызметтің кең майданына шығарады. Социалистік жарыс барған сайын жоғары формаларға көшіп, үнемі дамып отырады. Оның жоғары формасы —стахановтық қозғалыс.

Стахановтық қозғалыс, Сталин жолдасының көрсеткеніндей, социализмнен коммунизмге өтуге жағдай даярлайды, өйткені, ол азық-түлік молшылығын жасауға мүмкіншілік туғызады, өйткені ол ой ең-

ал, кәзір халық де ең қысқа жағдайында оның үстіне өзі ақысы төленетін елімізде жұмысшының өндірістен не жоғары дәрінің мамандығы жағдай туғызы

Бірақ комму өту, техникалық мәдени өсуі дамуы жөнінде қояды, бұл тал жұмыс күнін ғана орындауға «уақыт дегені» көреркті кеңісті күн теориясы, жыл).

Екіншіден, кенінде, жал техникалық бі мұның өзі жа осы күнгі тең білімін меңгер бұл оларға, ө мамандыққа бай мамандықты кіншілік туғы ды енгізудің

«УДАРНИК

Бүг

Сеанстар с
Касса саға

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор —1-86, партия және ауылшаруашылық бөлімдері —2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері —3-39, корректорлар бюросы —4-39, Газет баспасы —0-22, газет табы